

Заңда соттан тыс және сотқа дейінгі міндетті тәртіп
көзделген даулар бойынша
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

1. Жалпы ережелер

Осы Әдістемелік ұсынымдар дауды сотқа дейінгі тәртіппен міндетті реттеу туралы заңнаманың ережелерін біркелкі қолдануды қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132-ІІ Конституциялық заңына сәйкес әзірленді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 8-бабының алтыншы бөлігіне сәйкес, егер белгілі бір санаттағы істер үшін дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібі заңда белгіленсе немесе шартта көзделсе, осы тәртіп сақталғаннан кейін сотқа жүгінуге болады.

АПК-нің 148-бабы бірінші бөлігінің 6-тармағының талаптарына сәйкес, егер бұл заңда белгіленсе немесе шартта көзделсе, талап қою арызында жауапкерге жүгінудің сотқа дейінгі тәртібінің сақталуы туралы мәліметтер көрсетілуге тиіс.

Дауларды реттеудің соттан тыс және сотқа дейінгі тәсілдерін ажырату қажет.

Соттан тыс тәсілдер - бұл басқа институттардағы дауларды ерікті негізде соттан тыс шешудің заңда көзделген тәсілдері.

Шартта төрелік ескертпе болған кезде тараптар дауды төрелікте шешуге міндетті.

Егер талап «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Нотариат туралы) 96-1-бабында көрсетілген талаптар тізбесіне жататын болса, онда өндіріп алушы атқарушылық жазба жасау үшін нотариусқа жүгінеді. Атқарушылық жазбаның күші жойылған жағдайда өндіріп алушы атқарушылық жазба жасау үшін нотариусқа не сотқа қайта жүгіне алады.

Сотқа дейінгі тәсілдер - бұл дауды реттеудің міндетті рәсімдері, онсыз сотқа жүгіну мүмкін емес. Жанжалдасушы тараптар оларды келіспеушіліктерді шешу үшін пайдалануы тиіс және егер бұл көмектеспесе, олар талап қоюларын сотқа жібере алады (*талап қою тәртібі, егер тараптар рәсімді қолдану туралы келісім жасаса және оны жүргізу үшін келісілген мерзім ішінде сотқа жүгінбеуге міндеттенсе, медиация*).

**2. Азаматтық сот ісін жүргізуде дауды сотқа дейінгі реттеу
тәртібінің ерекшеліктері**

Қолда бар халықаралық тәжірибе негізінде мемлекеттің қоғамдағы жанжал деңгейін төмендету жөніндегі стратегиясын іске асыру мақсатында азаматтық істер бойынша дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу, талап қою ісін жүргізу істері жөніндегі сотта, оның ішінде оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен тараптарды татуластыру институттары дамыды.

Зандарда дауды реттеудің міндетті сотқа дейінгі тәртібі мынадай :

- ❖ шартты өзгерту туралы және бұзу туралы (*Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 402-бабының 2-тармағы*), (*бұдан әрі - АК*);

- ❖ мүліктік жалдау шартын бұзу туралы (*АК-нің 556-бабының 2-тармағы*);

- ❖ жүк тасымалдары туралы (*АК-нің 706-бабының 2-тармағы*, «*Ішкі су көлігі туралы*» *Қазақстан Республикасы Заңының 99-бабы*, «*Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы*» *Қазақстан Республикасы Заңының 232-бабы*, «*Темір жол тасымалы туралы*» *Қазақстан Республикасы Заңының 89-бабы*);

- ❖ жұмыскерлер мен жұмыс беруші арасындағы жеке еңбек даулары бойынша (*Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 159-бабы*);

- ❖ жер даулары бойынша (*Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 167-бабы*);

- ❖ авторлық құқықтарды және зияткерлік меншікті қорғау саласында («*Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы*» *Қазақстан Республикасы Заңының 22-1-бабы*, «*Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы*» *Қазақстан Республикасы Заңының 41-бабы*, *Қазақстан Республикасы Патент Заңының 32-бабы*);

- ❖ тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында («*Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы*» *Қазақстан Республикасы Заңының 42-8-бабы*);

- ❖ тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алу саласындағы комиссиялардың, сарапшының, бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымдану туралы («*Мемлекеттік сатып алу туралы*» *Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабы*);

- ❖ теміржол тасымалы саласында, атап айтқанда вагондарды беру-жинау шарттарын жасасу кезінде, сондай-ақ оларды өзгерту және толықтыру бойынша келіспеушіліктер кезінде («*Теміржол көлігі туралы*» *Қазақстан Республикасы Заңының 61-бабы*);

- ❖ Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 179-бабы;

- ❖ «*Банктер және банк қызметі туралы*» *Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы*;

- ❖ «*Микроқаржы қызметі туралы*» *Қазақстан Республикасы Заңының 9-2-бабы*;

- ❖ заңда көзделген өзге де даулар бойынша көзделген.

Сотқа дейінгі тәртіп рәсімі тараптарды татуластыруға және олардың келіспеушіліктерін толығымен жоятын және оларға қосымша шығындарсыз мүдделер тепе-теңдігін сақтай отырып, қарым-қатынастарын жалғастыруға немесе одан шығуға мүмкіндік беретін уағдаластықтарды әзірлеуге бағытталған.

Сонымен бірге азаматтық процеске тараптардың дәлелдемелермен алмасуын, ымыралы шешімге келуін, татуласуын не сот талқылауынан бас тартуын, яғни дауды сотқа дейінгі тәртіппен реттеу мүмкіндігін пайдалануын

көздейтін «сотқа дейінгі хаттама» деген жаңа институт енгізілді (1, 2-қосымшалар).

3. Дауды сотқа дейінгі және соттан тыс реттеу рәсімдерін жүргізу тәсілдері

Дауды сотқа дейінгі реттеу жанжалды (дауды) сотқа жүгінбей (оған дейін) шешуге бағытталған бірқатар заңды маңызы бар әрекеттерді жасауда көрінеді.

Наразылық беру тәртібі контрагентке наразылығын (талаптар, шағымдар және т.б.) жіберуді білдіреді.

Құжат нысаны барлық деректемелерді (*талаптар, наразылық сомасы, мән-жайлар, дәлелдемелер, НҚА-ға сілтемелер және т.б.*) көрсете отырып, жазбаша болуға тиіс (*электрондық түрде болуы мүмкін*).

Талапқа, наразылыққа, өтінішке, шағымға немесе өзге құжатқа оларға қол қоюға уәкілетті тұлға қол қоюға тиіс. Өкілеттіктер сенімхатпен расталады, заңнан не уәкілетті мемлекеттік органның немесе жергілікті өзін-өзі басқару органының актісінен туындайды.

Егер талап қоюшылардың әрқайсысының талаптары дербес қаралуы мүмкін болса, заңда немесе шартта көзделген дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібін сақтау осы адамдардың барлығы үшін міндетті болып табылады.

Егер талап бірнеше жауапкерге қойылса, онда дауды реттеудің міндетті сотқа дейінгі тәртібін талап қоюшы олардың әрқайсысына қатысты сақтауға тиіс.

Наразылық, талап, шағым және т.б. адресатқа жеке тапсырылуы, оған пошта байланысы немесе жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалануды қоса алғанда, өзге де жеткізу қызметтері арқылы жіберілуі мүмкін. Егер заңда немесе шартта өзгеше көзделмесе және әдет-ғұрыптан немесе тараптардың өзара қарым-қатынасында белгіленген практикадан туындамаса, өтініш тапсырыс хатпен жіберілуі мүмкін.

Қарыз алушының шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімі басталған кезде банктер, МҚҰ, коллекторлық агенттіктер, тарату комиссиялары және т.б. «Қазақстан Республикасының банктері және банк қызметі туралы» (Заңның 36-бабы), «Микроқаржылық қызмет туралы» (Заңның 9-2-бабы), «Коллекторлық қызмет туралы» (Заңның 6-бабы) қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен сотқа дейінгі жұмысты жүргізуге тиіс.

Егер дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібін алдыңғы құқық иеленуші сақтаған немесе алдыңғы құқық иеленушіге қатысты сақталған жағдайда, құқықтық мирасқордың немесе осы дау бойынша құқықтық мирасқорға қатысты мұндай тәртіпті қайта сақтауы талап етілмейді (АК-нің 46, 341-баптары, 344-баптың 4) тармақшасы, 1040 және 1042-баптары). Мысалы, егер бастапқы кредитор дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібін борышкерге берілген құқықты басқаға беру туралы хабарлағанға дейін сақтаса, цессионардың мұндай тәртіпті қайта сақтауы талап етілмейді (АК-нің 341-бабы).

Егер заңда немесе шартта дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібін сақтау мақсатында жіберілуі қажет құжаттардың және (немесе) мәліметтердің тізбесі белгіленген болса, онда осы құжаттарды жібермеу және (немесе) мәліметтерді хабарламау, сондай-ақ оларды тиісінше нысанда немесе санда жібермеу (хабарламау) көрсетілген тәртіптің сақталғанын куәландырмайды.

Сотқа дейінгі тәртіп рәсімі жанжал тараптарының оны шешуге тең құқылы түрде қатысатыны, пікірлерін айтуға және тыңдалуына тең мүмкіндіктер берілуін, талқылау үшін нұсқаларын ұсынуды және жанжалды шешу жөнінде ұсыныстар енгізуді ескере отырып жүргізілуге тиіс; қатысушылар жанжал жөнінде өзара тиімді шартпен өздері бірлесіп қабылдаған шешімдерінің орындалуына тең дәрежеде жауапты; қарым-қатынаста сыйластық стилін көрсететін өзара құрмет пен ынтымақтастықты сақтауға, өзара теріс бағалау мен қорлауға жол бермеуі; жанжалды реттеу жөніндегі шешім қабылдауға жауапкершілікпен қарауға, қабылданған шешім мен оны орындаудың салдарларын түсінуге тиіс.

Соттан тыс тәртіп «Нотариат туралы» Заңның 14-1-тарауында көзделген - бұл атқарушылық жазбалар жасау:

- нотариат куәландырған мәмілеге негізделген міндеттемені орындау туралы, оның ішінде осы Заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда нотариус сотқа дейінгі реттеу тәртібімен куәландырған дауды реттеу туралы келісімдерді орындау туралы;

- орындау мерзімі басталған жазбаша мәмілеге негізделген міндеттемені орындау туралы және міндеттеменің орындалмауын борышкер, оның ішінде дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібімен өндіріп алушыға жіберілген наразылыққа берген жауапта таниды;

- нотариус жасаған вексельдің төлемеу, акцептемеу және акцепті күні белгілемеу наразылығына негізделген міндеттемені орындау туралы;

- лизинг шартына немесе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лизинг нысанасын талап ету туралы;

- ломбард борышкер-кепіл берушіге ұсынған кредитті қайтару мерзімі өткеннен кейін кепіл нысанасына өндіріп алу туралы;

- қосымша шығыстарды өндіріп алу туралы талаптарды қоспағанда, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған міндетті шығыстарға қатысудан жалтаратын үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінен берешекті өндіріп алу туралы;

- нақты тұтынылған қызметтер үшін жария шарттар (электр, газ, жылу, сумен жабдықтау және басқалары), сондай-ақ төлем мерзімі басталған белгіленген тарифтерге сәйкес қызметтер үшін өзге де шарттар негізінде берешекті өндіріп алу туралы;

- жалдау төлемдерін жалдау шартында белгіленген мерзімдерде төленбеуіне байланысты өндіріп алу туралы;

«Нотариат туралы» Заңның 92-1-бабында көзделген тәртіппен (соттан тыс қорғау нысаны) борышкерден ақша өндіріп алу немесе өзге де жылжымалы

мүлікті талап ету үшін нотариус тиісті белгі жасалатын берешекті белгілейтін түпнұсқа құжатты көрсеткен кезде бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе арқылы электрондық түрде атқарушылық жазба жасайды.

Апелляциялық кеңес, апелляциялық комиссия түріндегі дауды шешудің баламалы тәсілі Қазақстан Республикасының Патент Заңының 32-бабында, «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері туралы» Заңның 41-бабында, Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 179-бабында көзделген.

Тараптар дауды медиация, партисипативтік рәсім тәртібімен де сотқа жүгінбей шешуге құқылы.

4. Соттардың сотқа дейінгі реттеуді талап ететін даулар бойынша талап қоюлар мен арыздарды қабылдауы

Талап қоюда талап қоюшының дауды реттеудің міндетті сотқа дейінгі тәртібін сақтауы туралы мәліметтер қамтылуға тиіс. Өтінішке осы тәртіптің сақталғанын растайтын құжаттар қоса берілуге тиіс (АПК-нің 148-бабы 2-бөлігінің б) тармақшасы).

Егер талап қоюда талап қоюшының дауды реттеудің заңда көзделген сотқа дейінгі тәртібін сақтауы туралы нұсқау болмаса, талап қою қайтарылуға жатады.

Соттар сотқа дейінгі тәртіптің сақталуы туралы дәлелдемелер болмаған кезде талап қоюшыдан талап қоюды қабылдау сатысын пайдалана отырып, осындай дәлелдемелердің бар-жоғын нақтылауы қажет екенін есте ұстаған жөн. Соттың мұндай әрекеттері талап қоюдың формальды қайтарылуын және қайтадан түсуін болдырмайды.

Қарсы талап қою кезінде дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібін сақтау талап етілмейді, өйткені іс бойынша іс жүргізу қозғалғаннан кейін қарсы талап қойылады.

Талап қоюшының іске кіретін тиісті жауапкерге қатысты дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібін сақтамауы, жалпы қағида бойынша, талап қою арызын қараусыз қалдыру үшін негіз болып табылмайды.

АПК-нің 51-бабының бірінші бөлігіне сәйкес даудың нысанасына қатысты дербес талаптар қоятын үшінші тұлғалар оны реттеудің сотқа дейінгі тәртібін сақтау міндетінен босатылды.

Егер істі қарау барысында талап қоюшы осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген дауды реттеудің сотқа дейінгі тәртібін сақтамағаны белгілі болса, сондай-ақ егер талап қоюшы шартта белгіленген дауды реттеудің наразылық немесе өзге де сотқа дейінгі тәртібін сақтамаса, сот талап қоюды қараусыз қалдырады.

Істі қарау қорытындылары бойынша сот дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібін бұзу салдарынан туындаған сот шығыстарын өндіріп алады.

5. Қорытынды

Жанжалды ерікті, соттан тыс шешу - азаматтардың бұзылған құқықтарын қалпына келтірудің алғашқы қадамы.

Дауды шешудің сотқа дейінгі тәртібі балама емес, дербес құқықтық құбылыс; процестік сипаттағы заңды факт.

Дауды сотқа дейінгі реттеудің артықшылықтары:

- дауды шешудің қысқа мерзімдері;
- рәсімнің үнемділігі (азаматтық істер бойынша талап қою кезінде төленген мемлекеттік бажды қайтару);
- дауды (жанжалды) реттеу нұсқасын таңдаудағы дербестік;
- тараптар үшін маңызы бар, оның ішінде дау нысанасына қатысы жоқ шынайы мүдделерді талқылау мүмкіндігі;
- заң шығарушы белгілеген мерзімдер шегінде татуластырушының қатысуымен бірнеше рет кездесулер өткізу мүмкіндігі;
- болашақ ынтымақтастық мақсатында туыстық (іскерлік) қатынастарды сақтау;
- тараптар қабылдаған уағдаластықтарды ерікті түрде орындау;
- қол жеткізілген келісімді мәжбүрлеп орындау кепілдігі;
- жеңілген тараптың болмауы.

Осы әдістемелік ұсынымдар соттарға дауларды сотқа дейінгі және соттан тыс реттеудің тәртібі мен шекараларын нақты анықтауға, уақыт пен материалдық шығындарды болдырмау үшін өндіріп алушыларға дұрыс бағыт беруге мүмкіндік береді

Негізсіз талап қоюлар мен қайтарулар санын азайтады.

Әдістемелік ұсынымдар түбегейлі сипатта емес. Сот практикасында өзге де мәселелердің туындауына қарай Жоғарғы Сот өзгерістер мен толықтырулар енгізуі мүмкін.

ШАҚЫРУ /ХАБАРЛАМА

(соттың атауы) талап қоюшы (талап қоюшының Т.А.Ә.) (талап қоюдың мәні) туралы жауапкер (жауапкердің Т.А.Ә.) талап қою келіп түсті.

Сот талап қоюды қабылдағанға және азаматтық іс қозғалғанға дейін Сіз татуластырушы судья сотқа дейінгі хаттаманы жасай отырып, сотында мекенжайында кабинетте немесе мобильді бейнебайланыс арқылы (уақыт, күн) өткізетін татуластыру рәсіміне қатысуға шақырыласыз.

Сіз:

- 1) бітімгершілік келісім
- 2) медиативтік келісім
- 3) партисипативтік келісім жасасуға құқылысыз.

Сіз өзара **сотқа дейінгі хаттама** жасауға құқылысыз, онда іс сотта қаралған жағдайда тараптардың және іске қатысатын басқа да адамдардың өз талаптарының немесе қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасағысы және оларды пайдаланғысы келетін дәлелдемелерді ашу, ұсыну және алмасу жөніндегі әрекеттері көрсетіледі.

Іс қозғалғанға дейін сотқа дейінгі хаттама жасай отырып, татуластыру рәсіміне қатысу:

- 1) қарым-қатынасты сақтауға;
- 2) моральдық және материалдық шығындарды азайтуға;
- 3) дәлелдемелермен және аргументтермен алмасуға;
- 2) сот талқылауының болжамды қорытындысын болжауға;
- 4) дау бойынша ымыраға келуге;
- б) жанжалды сот ауыртпалығынсыз аяқтауға мүмкіндік береді.

Сіз дауды соттың қатысуынсыз келісім, сондай-ақ сотқа дейінгі хаттама жасай отырып, медиатордың, адвокаттардың, нотариустың қатысуымен татуластыру рәсімінде (күні) дейін реттеуге құқылысыз.

Бұл ретте соттың келісімді бекітуі талап етілмейді. Талап қоюшының татуласуға байланысты - талап қоюды кері қайтарып алу, іс бойынша іс жүргізуді тоқтату, тараптар мен татуласу рәсімін жүргізуге құқығы бар адамдар қол қойған келісімді, сондай-ақ ол жасалған жағдайда сотқа дейінгі хаттаманы қоса бере отырып, талап қоюды қараусыз қалдыру туралы өтініш беру жеткілікті.

Дауды (жанжалды) реттеу туралы келісім (бұдан әрі - Келісім) жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар қол қояды. Істі сотта қарағанға дейін

жасалған келісім тараптардың құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған мәміле болып табылады. Тараптар осы Келісімде көзделген тәртіппен және мерзімдерде өз еркімен орындауға тиіс.

Келісім заңда белгіленген тәртіппен мәжбүрлеп орындалуы мүмкін.

Татуластырушы судья

(судьяның Т.А.Ә.)

СОТҚА ДЕЙІНГІ ХАТТАМА

(үлгі)

20 ____ ЖЫЛҒЫ «__» _____

Астана қаласы

ТАЛАП ҚОЮШЫ: Т.А.Ә.**Өкіл****ЖАУАПКЕР: ФИО****Өкіл****Талап қою нысанасы**

Іс сотта қаралған жағдайда өзінің талаптарының немесе қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасағысы және оларды пайдаланғысы келетін талап қоюшы (ТАӘ) ашқан және жауапкерге (ТАӘ) ұсынылған дәлелдемелер.

Тізбе:

1.....

2.....

Дәуды (жанжалды) реттеу жөніндегі ұсыныс

1.....

2.....

Іс сотта қаралған жағдайда өзінің талаптарының немесе қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасағысы және оларды пайдаланғысы келетін жауапкер (ТАӘ) ашқан және талап қоюшыға (ТАӘ) ұсынылған дәлелдемелер.

Тізбе:

1.....

2.....

Дәуды (жанжалды) реттеу жөніндегі ұсыныс

1.....

2.....

Қолы**ТАЛАП ҚОЮШЫ:****Өкіл****ЖАУАПКЕР****Өкіл**